КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2025 жылғы 06 ақпан №7119-25-00-2/597 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Алимбетов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық хореография академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Джаксимбетова» атынан - Джаксимбетова Гаухар Аблайбековна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық хореография академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Джаксимбетова» атынан - Джаксимбетова Гаухар Аблайбековнаға қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Джаксимбетова» атынан - Джаксимбетова Гаухар Аблайбековна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Джаксимбетова» атынан - Джаксимбетова Гаухар Аблайбековнадан мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.С.Алимбетов**

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 06.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 14.03.2025, судья Алимбетов А. С., 14.03.2025